

Философиялық мәтіндерді аударудың кейбір мәселелері

Әсет А. Құранбек¹, Тайыржан О. Оразхан^{2*},
Айгүлім Б. Айтбаева³, Сәуле М. Алтыбаева⁴

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

^{3,4}«Narxoz» университеті, Алматы, Қазақстан

*Корреспонденция үшін автор:

¹akuranbek@gmail.com

^{2*}taiyrzhan@list.ru

³aba-abd@mail.ru

⁴altybayevasaule@gmail.com

¹<https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

²<https://orcid.org/0000-0002-5636-7835>

³<https://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

⁴<https://orcid.org/0000-0001-7935-2102>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-255-270>

Аңдатпа. Әлемде сан түрлі ұлттар мен тілдер бар дегенімізбен, кұллі адамзат баласы жаралғалы бері бір әлемде өмір сүреді. Олардың дүние және ондағы орны, бір-біріне деген қарым-қатынасы, жалтыадамзаттық құндылықтар туралы танымы мен түсінігі көп жағдайда сыртқы формасы ғана болмаса, мазмұны жағынан ортақ, бір-біріне ұқсас болып келеді. Бірақ соған қарамастан, әр құрлықты не климаттық белдеуді мекендеген халықтардың өмір сүру салты, шаруашылығы, діни наным-сенімдері, экономикасы, мәдениетіне байланысты да олардың бір-біріне ұқсамайтын төл әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, ойлау жүйесі мен тілі қалыптасқан. Аударма ісі осы саналуандықты жинақтап, бір қарағанда бір-біріне ешбір ұқсамайтын, арасында ешқандай байланыс жоқ сияқты көрінетін көптүрлілікті біріктіру, мәдениеттер арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасау үшін пайда болған адамның саналы қарекетінің ең бір ерекше түрі.

Мақалада әдебиеттану ғылымы мен лингвистикадағы, мәдениеттану мен тіл философиясындағы қалыптасқан көзқарастар жүйесі мен тұжырымдамалар негізінде, аударманың тарихы, теориясы мен практикасына қатысты мәселелерге шолу жүргізіліп, әлем мәдениетіндегі орны, аударманың ғылым әрі өнер және философияның да өзекті мәселесі ретіндегі қазіргі ғылымдағы зерттелу деңгейіне сараптама жасалады. Ғылыми әдебиеттер мен философиялық мәтіндерді әлемнің түрлі тілдерінен орыс және қазақ тілдеріне аудару тәжірибесі талданып, оның қазіргі заманғы қоғамның өзекті мәселелерімен байланысы, аударманың мәдениеттер арасындағы сұхбат, синтездің жүзеге асуына ықпалы, сондай-ақ ғылым мен философияның дамуына тигізетін әсері зерделенеді. Аудармаға деген философиялық көзқарастың өзіндік ерекшелігі бағамдалады.

Түйін сөздер: аударма; көркем аударма; ғылыми әдебиет; мәтін; философиялық мәтін; тіл; түсіну; герменевтика; Бабыл мұнарасы; деструкция; деконструкция; интермәтінділік; гипермәтін.

Received 10 July 2023. Revised 25 September 2023. Accepted 11 November 2023.
Available online 15 December 2023.

For citation:

Kuranbek A.A., Orazkhan T.O., Aitbaeva A.B., Altybaeva S.M. Some Problems of Translating Philosophical Texts // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 145. – №. 4. – P. 255-270. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-255-270>

Дәйексөз үшін:

Құранбек Ә.А., Оразхан Т.О., Айтбаева А.Б., Алтыбаева С.М. Философиялық мәтіндерді аударудың кейбір мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2023. – Т. 145. – №. 4. – С. 255-270. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-255-270>

Кіріспе

Ерте кездерден бастап бір ел мен бір елдің, бір халық пен екінші халықтың, ру-тайпалардың, кейіндеп іргелес жатқан мемлекеттер арасындағы бірін-бірі тану, ұғысу, тәжірибе алмасу, қарым-қатынас жасау, бір сөзбен айтқанда өзара түсінісу, мәдени қатынастар қажеттілігі аударма ісін дұрыс жолға қоюды талап етті. Бастапқыдағы қарапайым ымдап түсінісуден басталған аудармаға деген қажеттілік, келе-келе ауызша және жазбаша аударманың сан алуан түрлерін дүниеге әкелді. Нәтижесінде ел мен ел, мәдениет пен мәдениет арасындағы байланыс тереңдеп, ғылым-білімнің дамуы арқасында аударманың теориялық және практикалық өлшемдері қалыптаса бастады. Ғылым талаптарына сәйкес, аударма ісінің әдебиеттану және тіл білімімен етене жақын, бірақ олардан елеулі айырмашылығы да бар өз алдына дербес жүйесі өмірге келді. Аударма мәселесін зерттеу арнайы сала ретінде бертінде ғана қалыптасқанымен, аударма ісінің өзі есте жоқ ерте замандардан бастау алады. Ақылдың жетіліп, білім мен ғылымның өркендеуінің белгілі бір кезеңдерінде аударма ісімен айналысқан қауым өз тәжірибелерін ой елегінен өткізу, талдау жасау, жинақталған тәжірибе нәтижелерін ғылыми тұрғыда қорытындылау арқылы ой түйіндеп, тәржімә ісінің заңдылықтары мен нормаларын да анықтап отырған.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда, әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі, философия мен мәдениеттануда қалыптасқан аударматанудың теориялық және әдіснамалық негіздерін бағдарға ала отырып, философиялық мәтіндерді тәржімәлаудың өзекті мәселелерін талдау, дүниетанымдық болмысын зерделеуде мәтіннің семиотикалық мән-мазмұнын бағамдауға мүмкіндік беретін герменевтикалық тәсілге сүйендік. Тәржімада бара-барлыққа жету үшін әртүрлі тіл аралық өзгертулер жасай білу, тілдік мазмұнды ғана емес, сөйленім мазмұнын түсіндіріп, түпкі мағынаға жетуге мүмкіндік беретін трансформалау әдісінің көмегімен, әлемдік ғылым мен философиядағы аударма теориясы мен практикасына қатысты өзге тілдерде жарық көрген бірқатар ғылыми еңбектердегі маңызды тұжырымдамалар мен деректерді қолдануға мүмкіндік алдық. Сонымен қатар зерттеуде салыстырмалы-компаративистік, логикалық пен тарихилықтың бірлігі, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, мифсіздендіру, сондай-ақ анализ, синтез, индукция, дедукция, салыстырмалы-тарихи әдіснама, құрылымдық-функционал талдау әдістері мен принциптері де басшылыққа алынды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Аударма және оның тарихы.

Әлемдегі геосаяси, экономикалық, демографиялық ахуалдың өзгеріп, қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуының деңгейі артып, ғылым мен технология өрістеген сайын, ел мен ел арасындағы қарым-қатынас, байланыс түрлері де күннен күнге күрделеніп, өзгеріп, жаңғыру үстінде. Томаға-тұйық, өзімен-өзі оқшауланған жабық қоғамдардың өзі өзгелермен саяси, экономикалық байланыстарды арттыруға

талпынуда. Сондықтан да қазіргі таңда тіл арқылы өзара вербал түсінісудің қай мемлекет үшін де маңызы аса зор. Ол үшін аударманың көпшілікке мәлім ауызша және жазбаша, көркем әдеби және ғылыми әдебиеттерді тәржімалау сияқты түрлерінен бөлек, техника құралдары арқылы жүзеге асатын ілеспе, синхронды, автоматты сияқты түрлерінің дамуы да аса өзекті мәселе болып отыр. Саясат, экономика, әлеуметтік даму, білім беру мен ғылым саласындағы интеграциялық үдерістер де аудармаға деген сұранысты арттыруда.

Аударма түрлерінің ішіндегі ең жауаптысы әрі жүйелі ғылыми көзқарас пен әдіснамалық тұрғыны қажет ететіні әдеби көркем шығармалар мен ғылыми әдебиеттерді, философиялық мәтіндерді тәржімалау. Аударманың бұл түрлері ежелгі дәуірлерден бастау алып, бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай келеді.

Бұл мақалада біз философиялық әдебиеттер мен мәтіндерді тәржімалаудың бірқатар мәселелері жөнінде сөз қозғаймыз. Әлем елдерінің барлығында да мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынастың басты құралы әрі әмбебап кілті ретіндегі аударма ісінің өзіндік тәжірибесі қалыптасқан. Ешбір ел, ешбір мәдениет, тіпті ешбір ғылым мен білім беру саласы ешқашан да өзімен-өзі тұйықталып, тек өз жолымен ғана жүріп келе жатқан жоқ. Кез келген ғылым, мәдениет, білім, тіпті діндердің өзі бір-бірінен үйрену, өзара байланыс, сабақтастық арқылы қазіргі даму деңгейіне көтерілген. Әйтсе де әр елдегі аударманың даму деңгейі әртүрлі. Еліміздегі аударма ісі мен аударматану мәселелеріне келсек, оның да тарихының әріден басталатынын бағамдаймыз. Зерттеушілер орыс тілінен аударма жасау тарихының өзі жүз жылға жуықтап, өзге араб, парсы тілдерінен жасалған көркем шығарма, діни әдебиеттер аудармасы тарихының одан да әріге кететінін айтады. Ал, Қазақстандағы аударманың жүйелі түрде қолға алынып, оған деген ғылыми көзқарастың қалыптасуы XIX ғасырдан, яғни, Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен және XX ғасырдың 30 жылдарындағы Мұхтар Әуезов және Алаш зиялыларының шығармашылығынан бастау алады.

Өнер мен ғылымның тізгінін тең ұстап, шебер суреткерлік пен сұңғыла зерттеушілікті теңдей ұштастыра білген ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің XX ғасырдың 30-50 жылдары аударма теориясына қатысты айтқан сындарлы ой-пікірлері бүгін де өзекті. Ол сол кездегі аударма жайын зерделей келіп, әдеби көркем туындылар мен қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік шығармаларды қазақ тіліне аударудағы жетістіктер мен кемшіліктерді талдап береді. Пушкиннің прозасын өлеңмен аударудың кейбір жеке тәжірибесін сынап, онда ақын суреткерлігінің тамтығының да қалмайтынын көрсетсе, қоғамдық-саяси шығармалар аудармасының аудармадан гөрі, өзім түсіндірем деген тілмаштыққа көбірек ұқсап кеткенін жазады. Абай аудармаларындағы кейбір түпнұсқадан ауытқып кеткен тұстарын дәл тауып, оның тәлім-тәрбиелік мақсатта орын алғандығын түсіндіреді. Соған қарамастан Абайдың еркін аудармадағы шығарманың рухын, көркемдігі мен әсерлілігін берудегі шеберлігін, аударманың ақынның өз шығармашылығына да оң әсер етіп, шеберлігін шыңдай түскенін атап өтеді (Құлманов, 2015).

Сонымен қатар сол кездегі де, кейінгі совет дәуіріндегі де аударманың басымы көбінесе көркем әдебиет саласына, сондай-ақ ағартушылық және тәлім-тәрбиелік мазмұндағы қоғамдық-саяси мәселелер мен идеологияға қатысты болатын. Аудармалар көп жағдайларда түпнұсқадан емес, орыс тілінен жасалды. Зерттеуші С.М. Керимова өзінің «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясында «Қазақстандық аударматану, – деп жазады, – XX ғасырдың ортасына дейін көбінесе әдебиеттану ғылымымен ұштасады, сол кездегі совет идеологиясы бойынша ұлттық ақындардың шығармаларын орыс тіліне аудару арнайы тапсырыс бойынша іске асқан. Сондықтан да мақалалардың көбісі аударманың әдеби аспектісін қамтитын. Орыс классикасын қазақ тіліне аудару теориялық мәселелері Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Сералин, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мұхамеджан Қаратаев, Әбен Сатыбалдиев, Сәйділ Талжанов, Сағынғали Сейітов, Герольд Бельгер, Қалсім Қанафиева-Кереева еңбектерінде қарастырылған. Оған А. Құсайынов, Ш. Сарыбаев құрастырған «Аударма мәселесі» атты библиографиялық көрсеткіш дәлел (Керимова, 2019: 95).

Дегенмен совет дәуірі әдебиетінде көркем әдебиет саласында аудармаға қатысты жақсы бір дәстүрдің де қалыптасқаны белгілі. Сол заманда шығармашылықпен айналысқан кез келген ақын-жазушылардың еңбектерін қарасаңыз, барлығынан да әлем әдебиетінен жасалған аудармаларды таба аласыз. Бұл өз кезегінде сол замандағы әдебиетіміздің көркеюіне өз үлесін қосты. Филология ғылымының кандидаты, профессор Г.Қ. Қазыбек пайымдағандай, «Аударма – бір жағынан, шеберліктің де мектебі. Аудару үстінде жазушы автордың шығармашылық сырына қанады, оның көргенін көріп, білгенін біледі, сол арқылы өзінің ой-өрісін ұлғайтумен қатар, авторша машақаттанып үйренеді. Бұл жағдай шын талант иесінің бойынан шығармашылық қайнардың жаңа көздерін ашуға себепші болады» (Керимова, 2019: 4).

Ал Батыс елдеріндегі аудармаға келсек, оның Көне Грекия мен Ежелгі Римнен бастау алып, Ортағасырлар мен Қайта Өрлеу, Жаңа заман және Ағартушылық дәуір, ХІХ-ХХ ғ. түрлі ғылым саласы мен философияда, әдебиет пен өнерде кең қанат жайғанын көреміз. Олар өздеріне дейінгі күллі адамзатқа ортақ бүкіл әдеби, мәдени, ғылыми, философиялық мираспен мұраны әр заманда түрлі жаңа қырларынан, жаңа әдіснамалық және дүниетаным тұрғысынан жаңаша зерттеп, зерделеп отырды.

Философиялық мәтіндерді аудару тәжірибесі.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тәржіма түрлерінің ішіндегі көркем аударма мен философиялық мәтіндерді аударудың ең қиын да, жауапты іс екені белгілі. Өйтпесе кез келген сауатты, екі немесе үш тілді жетік білетін адам қиындық деңгейі орташа құжаттама, есеп-қисап, түсіндірме, жарнама т.б. сынды жеңіл мәтіндерді ешбір қиындықсыз аудару беруі мүмкін. Ал көркем әдебиет пен философиялық мәтіндерді тәржімалауда тілді ғана жетік меңгеру аздық етеді. Оған қоса аудармашының сол сала бойынша да терең білімі, мол тәжірибесі болғаны жөн. Жан-жақты ізденісі, еңбекқорлығы да аса маңызды. Өйткені әдебиет пен философия дегеніміз өмірдің өзіндей күрделі, болмыстың өзіндей жұмбақ, онда ғылымдағыдай нақтылық пен публицистикадағыдай түсініктілік болмауы мүмкін. Бір сөздің өзі контекске қарай әртүрлі мағынада қолданылуы ықтимал. Мысалы, Абайдағы «кербез» сөзі мен Махамбеттегі «изен» сөзін өзге ұлт, өзге мәдениет өкілінің бір дегеннен түсіне қоюы екіталай. Себебі, «бейтаныс жердің ойлы-шұқыры көп болатыны» сияқты, әрбір мәдениеттің де өзге мәдениет өкілі түсінбейтін немесе қабылдай алмайтын өз ерекшеліктері жеткілікті.

Осы сияқты әрбір тілдің де, әдеби шығарма, философиялық мәтіннің де өзіне ғана тән лексикалық-грамматикалық, синтаксистік, стильдік ерекшелігімен қатар жанрлық айрықша бедері де болуы мүмкін. Ал осылардың барлығын да дұрыс түсініп, бір тілден екінші тілге шығарманың формасымен қатар, мазмұнын да толықтай аударып беру, автордың айтпақ ойы мен сөз саптау мәнерін, тілдік оралымы мен бейнелі, астарлы ойын, сөз кестесін тура мағынасында жеткізу немесе қарадүрсіндікке салмай, көркемдік қуатын кемітпей жеткізу, яғни туындының әріп, сөздерін ғана емес, мән-мағынасын дұрыс беру, рухын аудару асқан шеберлік пен мол ізденісті талап етеді.

Отандық зерттеуші Зейнолла Тұрарбеков 1973 жылы шыққан «Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы» атты еңбегінде: «Аударма дегеніміз – бір тілде ауызша айтылған ой-пікірді иә болмаса жазылған тексті тыңдаушыға, оқушыға екінші тілде түсінікті етіп жеткізу» деп аудармаға қысқаша анықтама беріп, оның күрделілігі туралы: «түпнұсқадағы мазмұн мен форманың бірлігін бейнелеп беретін тіл құралдарын үнемі іздестіретін және оларды жеткізетін мүмкіндіктердің ішінен ең қажетті дегенін таңдап алатын аударма өнері соншама күрделі де қиын жұмыс (Тұрарбеков, 1973:11) деп жазады.

Сонымен бірге аударманың қиындығы тек көркем туындыларға ғана емес, философиялық туындыларға, мәтіндерге де қатысты екені белгілі. Өйткені философиялық шығармалар көп жағдайда ғылыми трактаттар түрінде ғана емес, көркем проза түрінде де жазылады. Сондықтан аударма мәселесі әдебиеттану ғылымы, лингвистиканың ғана емес, философияның да маңызды проблемасы қатарынан саналады. Философияның

өзі қай заманда да аударма ісімен қатар дамып, тығыз байланысты болып келген. Көне дәуірдегі болсын, өзіне дейінгі де философиялық ой-пікірлермен жіті танысып, ғылыми-философиялық тәжірибені меңгеру үшін де, тұжырымдамаларды дамытып, сұхбат құруға да, пікірталасқа түсіп, дәстүрді жалғастыруға да, ойларды құптау мен теріске шығару үшін де аударма ісіне деген қажеттілік жоғары болды. Атап айтқанда, грек ойшылдарының қос өзен аңғарындағы елдер, қара құрлық пен Көне Бхарат жеріне саяхаттап, ілім үйренуі, Ортағасырлық ислам философиясы өкілдерінің байырғы антиктің ғылыми-философиялық мол мұрасын зерттеп-зерделеуі, шәрхтер жазуы да аудараманың қатысуынсыз еш мүмкін емес еді. Сондықтан да қай замандағы философияны алмасақ та, өзге тілдерден аударма жасаудың философия үшін қашанда өзекті болғанын көреміз. Әсіресе ортағасырлық ислам әлемінің әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд сынды өкілдері антик дәуірінен жеткен мол ғылыми-философиялық мұраны игеру үшін фәлсафалық мәтіндерді кейде өздері аударып, кейде еңбектерді түпнұсқалармен салыстыра отырып, аудармашылар тарапынан кеткен кемшіліктер мен өзгерістерді толықтырып, оларға шәрхтер жазумен айналыса жүріп, өздерінің де философиялық жүйелерін қалыптастырды.

Антик дәуірі мәдениеті, ғылымы, философиясын игерудің ислам мәдениеті, мұсылман халықтарының философиясында мәдениеттер синтезі, сұхбат нәтижесінде мүмкін болғаны белгілі. Ислам әлемінің ойшылдары бір кездері гүлденген мәдениет жәдігерлерін замана желі үрлеп, шаң-тозаңның астында көміліп, ұмыт бола бастаған кезінде өнер, ғылым, философияға арналған шығармаларды тәржімалау, түсініктемелер беру, яғни зерттеу арқылы тарих қатпарларынан аршып алды. Класик ислам философиясының тарихын, сенім мен білім мәселесін, рационал сипатының ерекшелігін зерттеуші ғалым Елена Фролова, осы кезеңдердің бәрінде, гректерден әдебиет, жаратылыстану ғылымдары, философия болсын, ислам дініне қайшы келмейтін жаратылыстану (математика, астрономия, физика, медицина), поэтика (бірақ поэзия емес!), логикаға байланысты еңбектердің іріктеліп алынғанын дәйектейді (Фролова, 1995: 54). Қазақстандық зерттеушілер де, әл-Фарабидің «Поэзия өнерінің бұлжымас заңдары туралы трактатында» Аристотель «Поэтикасындағы» кейбір маңызды мәселелерді (трагедия жанры, ондағы «қайғыға ортақтасу мен қорқыныш сезімі, тазару» ретінде түсіндірілетін катарсиске байланысты) айналып өтеді, немесе жекелеген ережелерін келтірумен шектеледі (Сейтахметова, 2009: 288) деп жазады. Демек ислам әлемінің ойшылдары грек философиясындағы шығыс дүниетанымына, Ислам құндылықтарына қайшы келетін бірқатар мәселелерді айналып өткен. Бұл ислам ойшылдарының шығыс мәдениетіне жат кейбір дүниелерді айтудан сақтанғанын көрсетеді.

Ал батыс философиясының өкілдері, нақтырақ айтқанда философиялық герменевтика, аналитикалық философия, постмодернизмнің өкілдері, Вильгельм Дильтей, Фридрих Шлейермахер, Поль Рикер, Ханс-Георг Гадамер, Мартин Хайдеггер, Людвиг Витгенштейн, Жак Деррида, сондай-ақ мәдениеттанушы, аудармашы, тіл білімінің теоретиктері Вальтер Беньямин мен Вильгельм Гумбольдт, ресейлік ғалымдар Юрий Лотман, Владимир Бибахин, Михаил Гаспаров, Наталия Автономова, Валерий Подорога және тағы басқалар, өздері де философиялық еңбектерді көптеп аударып отырып, тіл философиясы, лингвистика және мәтін философиясымен қатар аударманың да теориялық және әдіснамалық, философиялық мәселелеріне қатысты жан-жақты зерттеулер жүргізді. Атап айтқанда бұл ойшылдар, ең бірінші, аударма мен түпнұсқа арақатынасын анықтап, «аударма еңбегін түпнұсқаға қатысты алғанда, дербес жеке шығарма деп тану керек пе, жоқ оны түпнұсқаның бір тілден екінші тілге, қалай бар, сол күйінде ғана аударып берген көшірмесі деп тану керек пе? Аудармадағы алғы түсіну мен түсінудің арақатынасы қандай? Аударманың толық жүзеге асуы мүмкін бе, жоқ па?» деген сауалдарға жауап бергенде, бір тілден екінші тілге аударудың қашанда жан-жақты дайындықты қажет ететін шығармашылық үдеріс екенін айтып, аударма еңбектің де түпнұсқадан ешбір кем емес туынды болуы мүмкін екенін құптайды. Мәтінді бір тілден екінші тілге аудару дегеніміз, оны ең бірінші түсіну деп есептейді. Сондай-ақ герменевтикада әрбір түсінудің алдында алғы түсіну жүреді.

Яғни мәтінді аударуда мәтіннен тыс білім болып есептелетін түсінуге дейінгі түсіну, сол мәдениет, оның тарихы немесе тілге қатысты білім, түсінік яки тәжірибе болғаны жөн. Сондықтан да герменевтика, және оның әдіснамалық принципі герменевтикалық шеңберге сәйкес, мәтінді бір тілден екінші тілге толықтай аудару ешқашан да мүмкін емес.

Осы сияқты аударманың толық жүзеге асуына күмән келтірудің өзге де себептеріне тоқталсақ, Гадамер пайымдағандай, «Аудармашы түсінілуге тиіс мағынаны пікірлесуші өмір сүретін контекске аударуы керек. Бірақ ол аудармашы әңгімелесушінің айтпақ ойын, мағынаны бұрмалайды дегенді білдірмейді. Керісінше, мағына сақталуға тиіс; алайда, оны жаңа тілдік әлем контексінде түсіну керек болғандықтан, ол енді мүлде басқаша айтылады» (Гадамер, 1988: 447).

Сондай-ақ Гадамер, «кез келген тілді үйренуде, – дейді, – біз ол тілге әрбір сөзді ана тілімізден, немесе, сол тілден өз тілімізге аударып отырмаймыз, сол тілде ойлаймыз» (Гадамер, 1988: 448). Демек адам тіл үйренгенде сол тілде ойлай да бастайды. Ол бір жағынан тіл үйренуді де жеңілдетеді. Бірақ ол сол тілдегі сөз немесе сөз тіркесінің, идиоманың өз тіліне қалай және қандай сөздермен нақты аударылуы керек екенін білмеуі мүмкін.

Немесе орыстың белгілі философы, аудармашы В.В. Бибихинді алайық. Оның пікірінше, «Әр алуан халықтар қолданатын сан түрлі ұғымдық құрылымдар ортақ бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әртүрлі ғылыми әдістер сияқты. Әрбір тіл әлемге өз дүниетанымы көкжиегінің мұнарасынан қарайды, сондықтан да одан әрқашан басқалар үшін қолжетімсіз, жаңа нәрсені көреді» (Бибихин, 2010). Сондай-ақ Бибихин «Түпнұсқаға қатысты алғанда аударма, – дейді, – шығарманы оның бір тіл шеңберінде тұйықталып қалған шектеулігінен құтқарады». Сонымен қатар түпнұсқа шығарманың, мейлі ол жапон не абхаз тілінде жазылсын, оның ең бірінші жалпыадамзатқа ортақ тілде дүниеге келген туынды екенін байыптайды. Сондықтан да аудармашы түпнұсқаны сол шектеулігінен құтқара отырып, оған өз тілінде екінші жаңа өмір сыйлайды деп тұжырымдайды. Осы арқылы өзінің ана тілін жалпыадамзатқа ортақ тіл ретінде ұғынуға және бекітуге мүмкіндік алатынын, осылайша, жеке тілдерге аударма жасаудың жапыадамзатқа ортақ тілдің өмір сүру тәсілі болып шығатынын пайымдайды. «Жалпыадамзатқа ортақ тіл» деп жазады, ол – бұл біздің ана тіліміз, өйткені біз оның жалпыадамзаттық ақыл-ойдың құралы болу мүмкіндігін ашамыз және жүзеге асырамыз» (Бибихин, 2010).

Бибихин, жалпыадамзатқа ортақ тіл дегенде бір жағынан оның өз ана тіліміз екенін айтса, екінші жағынан оны болашақта пайда болатын тіл немесе жүзеге асуы мүмкін жоба ретінде де алға тартады. Бірақ әрбір ұлттың дүниені тануы мен қабылдауының өзіне ғана тән төл ерекшеліктері болатынын, олардың сол елдің ұлттық айдентикасы, физиологиясы, тіпті климаттық ерекшеліктерімен де байланысты екенін тұжырымдап, барлық тілдердің орнына жалпы адамзатқа ортақ бір тілдің келуі, барлығын бір стандартқа, ортақ өлшемге күштеп ауыстыру болып, адамзат болашағына орасан қауіп төндіретінін де атап көрсетеді. Ғалымның мұндағы жалпыадамзатқа ортақ тіл дегені, әлемде бір-біріне ұқсамайтын көптеген ұлт және тіл бар дегенімізбен, олардың барлығының да әр нәрсені, мейлі әр түрлі сөздермен белгілеп, дыбыстаса да, жалпы адамзатқа тән дүниені тану мен қабылдауының, әсіресе қастерлейтін жалпыадамзаттық құндылықтарға қатысты ортақ түсініктер иеленетінін айтып отыр деп есептейміз. Бұл мәселелердің аударма проблемасына қатысты Жак Дерриданың «Бабыл мұнаралары төңірегінде» еңбегінде қозғаған ойларымен де байланысты екені аңғарылады.

Деррида бұл еңбегінде деконструкция әдісін басшылыққа ала отырып, өзі мифтің мифі, метафораның метафорасы, баяндаудың баяндауы, аударманың аудармасы т.б. деп атаған Бабыл мұнарасы һақындағы аңыздың адамзат тілінің бастауы әрі аударма мәселесіне де қатысты астарлы ойы мен терең сырын пайымдайды. Көнеден жеткен бұл аңыз бойынша, бір замандарда адамдар өздерінің даңқын асыру үшін үлкен шаһар салып, онда биіктігі көкпен тірескен мұнара тұрғызбақшы болады. Құрылыс басталып, алып мұнара да бой көтере бастайды. Бірақ мұндай астамшылыққа салынған пенделеріне қаһарланған Жаратушы (кейде Яхве деп те айтылады), еңселеніп келе жатқан құрылысты

бұзып, адамдардың бір-бірін түсінбейтіндей етіп тілдерін ауыстырып, жер бетіне бытыратып шашып жібереді. Содан бастап адамдар арасында тілдік әралуандық орнап, аудармаға деген қажеттілік туындаған.

Жак Деррида аталған еңбегінде осы аңыздағы Бабыл сөзінің мағынасын түсіндіруден бастап, Қасиетті мәтіндерде айтылған бұл оқиғаның жай-жапсарына үңіледі. Вольтердің «Философиялық сөздігіндегі» Бабыл сөзінің шығыс халықтарының тілінде «Ва» – әке, «Вел» – Құдай [Bavel] деген қос сөзден құралған атау болғанымен, оның Инжілдегі мағынасы «араластыру» екені туралы ойларына тоқталады (Деррида, 2012: 11). Құдай әкенің өз есімін берген шаһары адамзаттың бастапқы тілдік бірлігі туралы жорамалға да негіз болады. Яғни Бабыл сөзі әрі атау есім болғанымен (аударуға болмайтын), әрі жалпы есім (аударуға болатын). Деррида осыған орай, аңыздың атау есімдер мен жалпы есімдердің мидай араласып («Атау есімдер ғана болған уақытта бір-біріңді түсіне алмадыңдар, олар жоқ болған кезде де – түсінбейсіңдер») (Деррида, 2012: 12), адамдардың ендігі жерде бір-бірін аударма көмегінсіз түсіне алмайтын жағдайға түскенін, осыдан бастап аударма әрі керек, әрі толық жүзеге асуы да мүмкін емес әрекетке айналғанын жазады.

Аңызда айтылатын Нұһ пайғамбар ұрпақтарының мұнара салу барысында күйдірген кірпішті – тас орнына, шайырды – әк немесе өзге де сұйық материалдар орнына пайдалануының өзінің, аударманы еске түсіріп, аударманың аудармасына сілтеп тұрғанын айтады (Деррида, 2012: 14).

Сондай-ақ бұл аңыздың, адамдар арасында «жалпыадамзаттық мұнара» сияқты ешбір ортақ құрылыстың болуының немесе ондайдың түбегейлі жүзеге асуының мүмкін еместігін астарлайтын метафора екенін тұжырымдайды. Өйткені бұл аңыздағы адамдардың даңқ иелену жолындағы астамшылығы, жалпы адамзатқа ортақ тілдің болуы және бірегей генеалогия иелену сияқты жалпыға ортақ өлшем туралы түсініктер семиттердің бүкіл әлемді ақыл-ойдың күшімен уысында ұстамақ болған әрекеті мен импершілдік ниетінің ишараты болуы мүмкін екенін болжамдайды. Құдай Тағала осыған қарсы өзінің аударуға болатын әрі болмайтын «Құдай әке» әрі «араластыру» мағынасындағы есімін қарсы қою арқылы тыйым салады. Бұл тыйым әртүрлі елдер мен ұлт-ұлыстарды бір ортақ өлшемге күштеп ауыстыруға болмайтындығы және отаршылдық езгі мен тілдік (лингвистикалық) импершілдіктің үстемдігінен құтқаруды да астарлайтынын түсіндіреді. Сондай-ақ тілдердің әртүрлі болуы әр елдің өз айдентикасын, дербестігін, еркіндігі мен қауіпсіздігін де сақтауының кепілдігі екенін бағамдайды.

«Мәтіннен тыс ғана емес, аудармадан да тыс ешнәрсе жоқ».

Философиялық мәтіндерді аудару мен оның теориялық және практикалық мәселелеріне қатысты ресейлік философ, аудармашы Н.С. Автономованың да зерттеулері мазмұндылығымен, тереңдігімен назар аударарлық. Көптеген философиялық шығармаларды, соның ішінде санаға салмақ салатын, түсінуге ауыр Жак Деррида, Мишель Фуко сынды ойшылдардың мәтіндерін орыс тіліне аударумен қатар, философияның тарихы, теориялық мәселелеріне қатысты жеке еңбектер де жазған, сондай-ақ философиялық мәтіндерді аудару тәжірибесімен тығыз байланысты аударманың теориялық және практикалық мәселелеріне арналған зерттеулері де баршылық, философ, аудармашы әрі филолог ғалым Н.С. Автономова 2008 жылы шыққан «Таным және аударма. Тіл философиясының тәжірибелері» (Познание и перевод. Опыты философии языка) (Автономова, 2008) атты еңбегінде аударманың ең бірінші таныммен байланысты екеніне тоқтала отырып, аударма мәтінді бір тілден екінші тілге ғана аудару емес, Якобсон бойынша ол тілішілік (перифраза), таңбааралық (семиотикааралық, мысалы, романның фильмге аудару), концепцияаралық т.б. да болып бөлінетінін айтады. Жак Дерриданың «мәтіннен тыс ешнәрсе де жоқ, барлығы мәтін» деп пайымдағанындай, кез келген ойдың өзін түсінуді аударма деуге болатынын, сондықтан да өзінің «мәтіннен ғана тыс емес, аудармадан да тыс ешнәрсенің жоқ екенін» айтқысы келетінін түсіндіреді. Мәдениеттегі кез келген нәрсені ешкім де, ешқашан да, «оны мен айтқан едім, ол айтып еді» деп иелене

алмайтынын, өйткені олардың әрқашан да болғанын айта келіп, адамдардың әсіресе философиялық мәтіндерді оқып отырғанда, олардың көп жағдайларда аударма екеніне мән бермейтінін еске алады. Деррида еңбектерінің де аудармашысы әрі зерттеушісі болғандықтан Н.С. Автономова осындай тұжырым жасайды. Өйткені Деррида батыс метафизикасындағы сөйлеудің жазудан, дауыстың хаттан басымдығын терістегенде хаттың басымдығын көрсетіп, оны жай ғана ақтап алғысы келмейді. Хаттың сол арқылы бастапқы мағынаны табуға, белгіге қайта оралуға мүмкіндік беретін құрылым екенін бағамдады. Ол үшін Деррида хатқа дейінгі, бірақ өзі ешқандай жазу да, хат та болып табылмайтын, алғы мәтін ретіндегі «көне жазу» яғни «архи-хат» ұғымын ендіреді. Бұл алғымәтін, хат ретіндегі көне жазу бәрінен бұрын болған хаттың бар болуының алғы мүмкіндігі. Бұл мүмкін жазуды Сократ көрсеткен. Демек ол ештеңе жазбаған. Басқаша айтқанда, Сократ өзінің ештеңе білмейтінін ғана білетінін айтады. Бірақ ол ештеңе дегенде мүлде надан, көрсоқырлығын емес, әлденені білетінін айтып тұр. Яғни ол білім дегеніміздің не екенін, және ол қандай болуы керектігін біледі. Демек ол жалпыға бірдей білім дегеніміз не деген сауалға жауап болатын білім критерийін біледі. Сол арқылы ол заманындағы шынайы білім деп саналған білімді деконструкциялайды. Яғни Сократтан бастап батыстық ойлау білім мен білімсіздікті ажырату арқылы мәдениетті деконструкциялауды бастайды (Штегмайер, 1999).

Сократ, мысалы, пікірталастарында өзінің диалектикалық тәсіліндегі ирониясы, майевтикасы және индукциясы арқылы сұхбаттасушыны ақыр соңында өзінің алдыңғы ойларына қайшы келетіндей қорытындыға келуге мәжбүр етіп, тығырыққа тіреп отырған. Бұл Сократтың пікірлесуші білімін деструкциялауы. Яғни Сократ сұхбаттасушының білімін, әлдене жайлы қалыптасып кеткен түсінігінің құрылымын сөгіп, бөлшектейді. Осыдан кейін бастапқы мән-мағынаға қайта оралу мүмкін болмайды, себебі құрылым өзгеріске ұшырайды, бар нәрсе бірін-бірі ығыстырып әкетеді. Деррида осы әу баста болып, кейіннен ығысып кеткен, және оны қайтару ешқандай мүмкін емес бастапқы мағынаны «із» деп атайды. Кейінгі мағыналар да өз кезегінде шынайы мән-мағына бола алмайды, себебі олар да сан мәрте осындай өзгеріске ұшырайды. Сондықтан да Дерриданың ойынша, шынайы мән-мағына деп ойлағанымыз тек сол уақытта, сол жерге ығыса отырып келіп қалған мағына болуы мүмкін. Деррида осы өзгешеленуді *différance*, және кеңістіктегі сөйлеу *dissemination* деп атайды.

Деррида бойынша тілдің екі формасы да, яғни сөйлеу де, жазу да – символдар, белгілер болып саналады. Ол белгілер де өзіндік шынайы мән-мағынаны иеленеді деп есептеді. Бірақ сол мән-мағынаның ақиқаттығын дәл басып анықтау ешқандай мүмкін емес. Себебі, біз белгілер арқылы ойлаймыз, әр нәрсеге мән-мағына береміз. Бірақ ол белгілер бірін-бірі үздіксіз алмастырып жатады. Соңында келіп, белгінің бастапқыда білдірген шынайы мағынасынан адасып қаламыз. Ал ол шынайы мағынаны бәріне бірдей түсінікті, мәңгі өзгермейтін етіп бір белгіге таңып қоя алмаймыз. Сондай-ақ белгінің өзі өзгермейтін, тұрақты болғанымен ол білдіретін мән-мағына өзгеріп кетуі мүмкін. Сөйтіп бәріне бірдей ортақ білімнің болуын айқындау мүмкін емес болып шығады. Бұл деконструкциядағы ең негізгі парадокс деуге болады.

Сондай-ақ Н.С. Автономова, барлық ғылыми, философиялық мәтіндердің көбінесе өзге тілдерден жасалған аударма болып келетінін, кейде тіпті, адам, өзге тілде айтылған сөзді, жазылған еңбектерді ғана емес, өз тілінде жазылса да түсінуге қиын түрлі жанрлық стильдерді, баяндауларды, метафораларды, астарлы сөздерді, символдарды ең бірінші өз ойында қорытып, мағынасын ұғынып барып түсінетінін, бұл негізде семиотикалық, дискурстық, мәтінаралық байланыстардағы астарлы мән-мағыналарды да атауға болатынына тоқталады.

Мартин Хайдеггер еңбектерін аудару тәжірибесі.

Н.С. Автономова аталған еңбектің «Хайдеггермен бір тайталас жөнінде» (Об одном состязании с Хайдеггером) (Автономова, 2008) атты бөлімінде М. Хайдеггердің

бірнеше мақалаларын орыс тіліне аударған зерттеуші, аудармашы Татьяна Вадимовна Васильеваның философиялық мәтіндерді аудару тәжірибесі негізінде аударманың философиялық мәселелері және философиялық мәтіндерді аударудың өзіндік ерекшелігі, Хайдеггер шығармаларының поэтикасы хақындағы құнды ойларымен бөліседі. Атап айтқанда, Т.В. Васильеваны Хайдеггердің философиялық-экзистенциалдық ойлары онша қызықтырмағанымен, басты қиындықтың ойшылдың тіл туралы, оның ішінде тіл барлығы туралы, көне грек және неміс тілдері туралы ойлары болғанын айтады. Барша батыстық ойлау мен мәдениетті көне бастауларынан бастап қайта қарап, деструкциялауды талап еткен Хайдеггер өзінің барлық шығармаларында грек тіліндегі сөздердің өзін немісше құбылтып берудің де, ойын астарлап та, бейнелі түрде жеткізудің, аз сөзге көп мағына сыйдыру мен ойды жалпылаудың да шебері болғаны белгілі. Зерттеуші Т.В. Васильева Хайдеггер шығармаларының осы қырлары мен терең философиялық мағынасын жай ғана емес, оның барлық интеллектуал-философиялық тереңдігі мен поэтикалық қуатын, көркемдік шеберлігі мен сөз саптау ерекшеліктерін сақтай отырып, орыс тіліне аударуды, яғни Хайдеггерді таза орысша сөйлетуді өзіне мақсат етеді. Мұндай тәжірибенің оңайлықпен келмейтіні белгілі. Ол үшін ұшан-теңіз біліммен бірге поэтикалық ойлау, ақындық өнерден де құралақан емес, шығармашыл тұлға болуың керек.

Оның мысалына біз өзіміздің отандық философиядан 2006 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жүзеге асқан әлемдік философиялық мұраны қазақ тіліне аударуға атсалысқан мәденеттанушы, аудармашы, ақын Әуезхан Қодар шығармашылығын айтсақ болады. Ол еңбектер көбінесе орыс тілінен аударылды десек те, грек философиясына көп сілтеме жасайтын Хайдеггер сияқты ойшылдардың еңбегін грек тілін қосымша меңгермей де толық аудару мүмкін емес. Жасында тілі орысша шығып, өз ана тілін кейіндеп үйренсе де оның барша заңдылықтары, сөздік қоры, поэтикалық қуатына дейін терең меңгерген ғалым көне грек тілін де білетін еді. Осылардың арқасында Әуезхан Қодар Мартин Хайдеггердің «Философия дегеніміз не?» еңбегін қазақ тіліне аударды. Аударғанда да зерттеуші Т.В. Васильева орысша таза сөйлетуді мақсат еткендей, Хайдеггерді таза қазақша сөйлетеді. Аудармашының сөз кестесінен бірқатар мысалдар келтірейік.

«Егер грек сөзін грекше тыңдаса, онда оның *legein*-іне, оның тікелей баяндауышына бағынасың. Оның баяндайтыны – көз алдындағы. Грекше тыңдалған сөз арқылы, біз сөздің жалаң мағынасы емес, көз алдымыздағы заттың өзіне еншіленеміз» (Хайдеггер, 2006: 135).

«*Siprē*, *philosophia* сөзі Гераклит нақыштауынан өткен. ... «Гераклит бойынша *phelein* – сүю дегеніміз *logos* айтқанымен сөйлеу (*homologein*), яғни *logos*-қа сәйкес болу». «Бұл арадағы сәйкестік – үндестік, гармониямен тең. Гераклиттегі «*En panta*» – «Бір (арқылы) бәрі». Оның мағынасы жалғыз ғана бір өзі, бүкіл бәрін біріктіруші. Бүкіл тірлік дегеніміздің мағынасы – бірболмысты. Бүкіл тірлік болмыста, анығырақ айтқанда, болмыс дегеніміз – тірлік, бар болу. Ол тірлік ара құбылыс арқылы сөйлейді және сөйлегені жинақтаумен тең. Болмыс дегеніміз жинақтау, яғни логос. Гректер бірінші болып тірліктің болмыста жинақталатынын, тірліктің тек болмыс көрінісінде паш етілетінін таңырқай жорамалдады. «Тірлік болмыста» – бұл гректер үшін өте таңғажайып көрінеді. ...Дегенмен гректердің өзі осы таңғажайыптың ғажаптығын барлық құбылыстарға әркімге түсінікті түсініктемесі дайын софистикалық ақыл-естің тықсыруынан құтқарып және сақтап қалуға мәжбүр болды. Тірлік болмыста деген таңғажайыптың құтқарылуы кейбіреулердің осы таңғажайып бағытына, яғни *sophon*-ға беттеп, жолға шығуы арқылы жүзеге асты. Осылайша олар *sophon*-ға қызығып және өзінің әуестігі арқылы басқа адамдарда да *sophon*-ға деген зарығу оятатындарға айналды» (Хайдеггер, 2006: 136).

«Деструкция дегеніміз философия тарихы жөніндегі историографиялық тұжырымдарды күйрету емес, бірақ күй қаланысын бұзу, талан-таражға түсіру, бейтарап қалыпқа қою. Деструкция дегеніміз бізге тірлік болмысы ретінде атой салып жатқан нәрсеге құлағымызды түру, немесе, босату. Осы атойды есту арқылы біз сәйкестікке жетеміз». «Себебі, біз әрқашан және барлық жерде тірлік болмысына сәйкестікте дамылдасақ та, болмыс атойына сирек құлақ түреміз» (Хайдеггер, 2006: 138).

Мәтін талдаудың постмодернистік әдіснамасы.

Келесі кезекте мәтін талдаудың постмодернистік әдіснамасы жайына тоқталсақ. Өйткені осы арқылы әдеби көркем туындылар мен философиялық мәтіндерді дәл аударудың не себепті қиын болатынының бірқатар себептерін жаңа қырынан бағамдауға болады. Мәтін және одан туындайтын контекст (қосмәтін), интермәтінділік, әсірәмәтін (гипертекст) постмодернизм мен посмодернистік эстетиканың орталық түсініктеріне жатады. Мәтінді талдаудың семиотикалық қағидалары болса, постмодернизмнің басым әдіснамасын құрайды. Осы тұрғыда өнер өзінің арнайы ережелері, грамматикасы мен синтаксисі, белгілеудің өзіндік жүйесі, өзінің жасырын долбары мен арғышарттарын иеленген дискурстардың бір түрі ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда Дерриданың «Мәтіннен басқа ештеңе де жоқ» деп пайымдағанындай, өнер туындысы да мәдениеттің өзге түрлері сияқты, тек олардан өзінің грамматикасы, синтаксисі, белгілеу жүйесінде ғана айырмашылығы бар мәтін. Сондықтан «постмодернистік эстетиканың басты мәселесі, – дейді, философ Бекет Нұржанов, – көркем шығарманың идеологиясы (поэтика, образдар жүйесі, стиль, көркемдегіш тәсілдер) емес, мағына туындату, мағына өндірісі. Садтың, Лотреамонның, Кафканың, Джойстың, Прустың, Беккеттің мәтіндері реализм үстемдік еткен дәуірде (мейлі, метафоралық реалистік-ақ болсын) реалистік шығармалар ретінде, экзистенциализм кезінде экзистенциалистік шығармалар ретінде оқылды. Қазір олар тағы да басқаша, яғни постмодернистік мәтіндер ретінде оқылады, өйткені олар ауқымды мәтіндердің контекстердің фрагменттері және олардың мағынасы сол квази-өзінежеткілікті мәтіндердің ішінде емес, мәдени және әлеуметтік контекстерде жасырынып жатыр. Бұл, шамасы, «данышпан» мәтіннің (шығарманың) қарабайыр мәтіннен жалғыз ғана айырмасы – әрқилы мағыналы мәтіндерде әрқилы мағыналар туындатуында болуы керек» (Нуржанов, 2012: 184).

Бұл арадағы «мағына туындату», «мағына өндірісінің» ең алдымен постмодернизмдегі интермәтінділікпен байланысты екенін ескеру қажет. Интермәтінділік – мәтін орналасқан кеңістікте үнемі көптеген басқа мәтіндерде айтылған ойлар, жазылған сөздер бір-бірінің үстінен қабатталып орналасқан дегенді білдіреді. Бұл концепцияны Михаил Бахтин мен Фердинанд де Соссюрдің тұжырымдамалары негізінде постмодернистік әдіснамаға Юлия Кристева енгізген. Егер интермәтінділік туралы айтпастан бұрын мәтіннің өзіне келсек, тіл ғылымының мамандары «мәтін» түсінігінің ертеден болғанымен, терминологиялық ұғымда бертінде қолданыла бастағанын айтады. Зерттеушілер О.Қ. Жармакин мен Қ.Б. Мағзұмов «Мәтін» (текст) сөзінің этимологиясы, латынның *texo* – «тоқимын», «тігемін», «өремін» етістігіне ұштасады, *textus* – «мата» дегенді білдіреді (орыстың *текстиль* сөзін еске алайық). Басқаша айтқанда, «мәтін» (текст) сөзі семантикасының негізінде «тігу», «өру» метафорасы жатыр, – дей келіп, – Мәтіннің стиль түрлеріне қарай: *ғылыми, көсемсөз, іскерлік, көркем мәтін*, ақпаратты тасмалдау түрі бойынша: *ауызша, жазбаша, электронды т.б.*, көлеміне қарай: *макро, микромәтін, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.*, қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай: *гуманитарлық, тарихи, танымдық, аргументтік т.б.*, берілу тәсіліне қарай: *диалог, монолог, полилог*» (Жармакин және басқалар, 2011:84) болып бөлінетінін атап көрсетеді.

Филология ғылымының докторы Алмагүл Әділова В.В. Лукиннің: «Мәтін – формал байланысқа, мазмұндық тұтастыққа ие таңбалардың және олардың формал-семантикалық құрылыммен өзара әрекеттесуінен туындайтын бірізділігінен тұратын хабар» деген тұжырымын қуаттай отырып, «Әдеби-көркем мәтін – мәтіннің идеялық-көркем мазмұнында күрделі тұтастық болып біріктірілген заттық-логикалық, эстетикалық, эмоционал және бағалауыштық ақпаратты көркем әдебиет арнасы арқылы беруге қызмет ететін вербал хабар» деп анықтама береді. Көркем мәтіннің басқалардан мейлінше бөлек пішімімен, тілімен айрықшаланатынын айтады. «Ол тек тіл жүйесінің түрлі деңгейлеріндегі бірліктердің ұйымдасуы негізінде пайда болатын жай ғана күрделі тілдік бірлік емес, өнер туындысы, яғни сөз, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық ерекше байланыстары,

бір-бірін дамытуы, бір-бірімен іліктесе келуі, нәтижесінде қалыптағы мағынасынан өзгеше, жаңа мән, әсер тудыратын эстетикалық құрылым» деп жазады. Көркем мәтіннің жай ғана ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, куммулятивтік құрылым емес, ол сол ерекшеліктері негізінде жаңа мән-мағына тудыратын, мәдени тұрғыда бұрыннан жинақталған білімді жаңадандыратын, жаңғыртатын және жаңа білім немесе танымды туындататын, қалыптастыратын (генерациялық) қасиетке ие екенін көрсетеді. Сол себептен де жалпы мәтін, оның ішінде көркем мәтіннің түрлі ғылым салаларында әр қырынан қарастырылуы заңды екеніні атап өтеді.

«Әрбір көркем мәтін, – дейді ғалым, – адамзат қоғамындағы ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан, орныққан мәдениеттің құрамдас бөлігі және оған сол өзі өмір сүріп отырған қоғамның әсері қайтсе де болады, сондай-ақ мәтіннің өзі де қоғам мүшелеріне ықпал ететіні сөзсіз, өйткені кез келген адам өз білімінің көбін мәтін арқылы қабылдап, жинақтайды. Жалпыадамзаттық қасиеттер мен құндылықтарды уағыздайтын көркем әдебиет ғасырлар бойы адамзат баласының сана-сезімін тәрбиелеп, бағыттап отырғаны сөзсіз. Лингвистикалық тұрғыдан, мәтін – коммуникативтік, мақсаттарына қарай біріктірілген сөйлемдердің белгілі бір тәртіппен ұйымдастырылған жинтығы. Дискурс – ақиқат қарым-қатынас жағдайындағы, яғни өзінің туындауы мен құрылуы кезеңдеріндегі – мәтін, үдеріс, демек, көркем мәтін автор және оқырман тұрғыларынан алғанда дискурс нәтижесі болып есептеледі».

Интермәтінділік туралы ғалым: «XXI ғасырдың басында-ақ пародия табиғаты туралы пікірінде сыншы Юрий Тынянов белгілі бір мәтін трансформалануы негізінде жаңа мәтін туындайтыны және оның семантикасы бұрынғы мәтіннің семантикасын дамытатынын, яғни мүлде жаңа мазмұнды мәтін автордың өз сөзі мен бөгденің сөзін кезектестіруі нәтижесінде туындайтынын айтқан еді», – дей келіп, – Юлия Кристеваның (1941 жылы дүниеге келген) «Интертекстуалдылық әр шығармадан, текстен алынған цитаталардың жиынтығы емес, алайда ол түрлі цитаталы сөздердің тоғысу кеңістігі. Ал цитаталы сөз дегеніміз – басқа шығармалардан алынған нақты деректер, абзацтар немесе пассаждар емес, бірақ мүмкіндігінше барлық дискурстар, өйткені мәдениет солардан құралады және кез келген автор өз еркінен тыс сол атмосфераға тәуелді болады» (Әділова, 2014) деп тұжырымдағанын жазады.

Сондай-ақ ғалым, өзінің «М. Әуезов шығармалары және мәтінаралық байланыстар» атты зерттеуінде «көркем мәтіннің тілдік құрылымына, – деп жазады, – оның өзінен бұрын жазылған шығармалардың образдар жүйесін, жалпы мазмұнын, концептуал, астарлы ақпарын еске түсіретін әр түрлі үзіктер таңба ретінде кіргізіліп, алғашқы туындының, яғни претекстің, семантикасында қатталған ақпармен ассоциация жасалады. Бұл ақын-жазушының саналы немесе өз еркінен тыс басқа шығармалардан алып қолдануы таза психологиялық, тұлғалық ұстанымдарға байланысты болады. Өзі оқыған мәтіннен жадында қалған сәтті, ұшқыр сөз, сөз тіркестерін, сөйлемді қаламгер қажеттілік туған кезде өз туындысына әр қилы мақсатта кіргізеді. Ондай келтірінді элементтер оқырмандар үшін де аса маңызды, өйткені олар көркем мәтіннің өзіне түсініксіз деген тұстарын басқа көркем шығармалармен байланыстыру арқылы ашып, қабылдай алады» (Әділова, 2013).

Бұл орайда талантты күйші, өнертанушы, жазушы Таласбек Әсемқұловтың (1955-2014) мына бір ойларына назар аударған жөн. Ғалым Гадамер мен Барттың интермәтінділік туралы, алғашқысының: «Қандай да болмасын сөздің мағынасы оның өзінде ғана емес... сондай-ақ, ол сөз өзіне дейінгі айтылған сөзге және айтылмаған сөзге сілтеме жасайды, осылай болғанда ғана сөз өзінің шын мағынасына жетеді» десе, соңғысының: «Текст дегеніміз... өзінің шыққан тегін ұмытқан көптеген мәтіннің бір-бірімен астасуы болып табылады. Осылайша әрбір мәтін шындығында интертекст болып шығады... әрбір текст ескі цитаталардан құрастырылған жаңа бітім, себебі, қашан болсын, текст, әртүрлі жаралған, әр тараптан келген басқа текстердің қоршауында тұрады» – деген ойларын келтіріп, – сол себепті, деп жазады, – постмодернистік ойлау стилі кейде «цитаталық ойлау» (цитатное мышление) деп, ал постмодернистік текстер «цитаталық әдебиет» деп бағаланады».

Сонымен бірге Таласбек Әсемқұлов: «Аталған (интертекстуальділік) посмодернистік концепцияның басты ұғымы палимпсест. Таратып айтсақ, – дейді, – палимпсест (грекше «қайта жонып, тазарту»), көне жазуда, көне сурет өнерінде көп пайдаланылған технология. Бұрынғы сурет, көне графика, қағаздың орнына арнайы өңделген, пергамент деп аталатын (бізше – сірі) теріні пайдаланған. Міне, кейбір жағдайларда (оның себебі өте көп) бұрынғы сурет, яки бұрынғы жазуды үстінен бір қабат арнайы желіммен сылап тастап, желімнің үстіне жаңа текст жазады, немесе жаңа сурет салады. Кейде палимпсест бір-бірімен қабаттасқан жиырма-отыз суреттен немесе жазудан тұруы мүмкін. Қазіргі нарратологияның негізін қалағандардың бірі, белгілі француз әдебиеттанушысы Жерар Женеттің айтуынша, кез келген текст – палимпсест болып табылады: қандай да болмасын текст бұрыннан бар текстердің үстінен жазылады. Бұрынғы текстердің семантикасы, соңғы жазылған текстің мағынасының астынан сәуле шашып көрініп тұрады. Бір-бірімен қабаттасқан интертекстуальділік семантикалардан тыс жазу – мүмкін емес. Бұл жерде «таза парақ» деген ұғымның ешқандай мағынасы жоқ. Жазатын адам (ол кім болса да мейлі) қашан болсын «таза параққа емес», қисапсыз шимайланған, есепсіз көшірілген ескі теріге жазады. Демек, кез келген текст, бұрыннан бар, қанша жаста екенін ешкім білмейтін цитаталардан тұрады, олай болса, «посмодернистік мәдениеттің символы – тырнақша» деген анықтама бар. Әлбетте, ешкім де цитатаны тырнақшаға алмайды. Тырнақша, типографиялық белгі ретінде қойылмайды. Цитатаны тану үшін оқырманда «текстен тыс білім» болуы керек (Умберто Эко). «Текстен тыс білім» дегеніміз оқырманның эрудициясы, бұрынғы-соңғы әдебиетті жақсы білуі... Бүгінде көркем шығарманың заңдылықтарын оның өзінен шығару қиындап барады. Өзі пайымдамақ, зерделемек шығарманы әлемдік мәдениеттен бөлектеп алып кетіп, ештеңе оқымай, ештеңе білмей-ақ, сол шығарманың қыр-сырын аша салған сыншыны көрген емеспін. Себебі әлем мәдениетінің бірде бір құбылысына қатысы жоқ, өз бетінше бейтарап тұрған шығарма болмайды. Қандай да болмасын шығарма Борхес айтқан «әлемдік кітапханадағы» тұрған тұрысымен ғана, орнымен ғана қымбат. Осы шағын тараушаның соңында мынадай бір нәрсені ескертіп кеткім келеді. Кейбір жағдайда, текстің сыры өзіне мүлде ұқсамайтын, қиыспайтын, тіпті, десеңіз мүлде қайшы келетін цитатаның бойынан танылуы мүмкін. Бұдан кейінгі айтылатын ойларды дұрыс түсіну үшін керек» (Әсемқұлов, 2014).

Қорытынды

Қорыта келсек, жалпы философтар қауымы аударманың толықтай жүзеге асуына қашанда күмәнмен қараған. Бірақ бұл бір тілден екінші тілге аударма жасауды мүлде теріске шығару немесе қарсы болу, керегі жоқ деп есептеу емес. Бұл жалпы философиялық танымға тән әдіснамалық қағида десек болады. Оған сәйкес, әйгілі Зенон пайымдағандай, желаяқ Ахиллес жайбасар тасбақаны қуып жете алмайды. Атылған жебе ешқашан нысанаға жетпейді. Неге жетпейді? Көз алдымыздағы бүгін, қазір көріп, біліп тұрған нәрселеріміздің бәрі де рас емес пе? Бәрі де қозғалып бара жатқан жоқ па? Бірақ оның барлығы да тек сезімдік әлемге ғана тән, солай болып көрінетін уақытша, алдамшы нәрселер. Ал ой әлемінде жағдай мүлде басқаша. Онда қозғалыс жоқ. Өйткені әлем шексіз. Мүмкіндіктердің де шегі жоқ. Ешбір адам, ешқашанда арманым толық орындалды, мақсатыма толық жеттім деп айта алмайды. Қолында дипломы тұрсын, том-том кітаптары шықсын, бағындырған белестері болсын, бәрібірде, толықтай бәріне қолым жетті, арманым орындалды, межемді бағындырдым деп айта алмайды. «Әттегенайларын» тек өзі ғана біледі. Осы сияқты аударма жасаудың да ешбір қалдықсыз толықтай жүзеге асуы ешқашан мүмкін емес. Бұл аударманы мүлде жоққа шығару немесе мәнсіз деп есептеу емес, қайта оған асқан жауапкершілікпен қарау. Яғни әлемнің шетсіз де шексіз екенін көріп, таным мүмкіндігінің шектеулі екенін түсінген Иммануил Канттың таным теориясы мен трансцендентал сыни философиясы да танымның жолын шорт кесу емес, қашанда танылмаған көкжиектер мен ашылмаған тылсымдардың бола беретінін ұғындырып, жаңа ізденістерге шақыру деп білеміз.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР19679556 – «Қазақстандағы өзекті аударматану: теориясы және практикасы» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

- Автономова Н.С. Познавание и перевод. Опыты философии языка / Н.С. Автономова. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2008. – 704 с.
- Әділова А.С. Әуезов шығармалары және мәтінаралық байланыстар // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – №1 (69). – 13-17 б.
- Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуальдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: филол. ғыл. док. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 244 б.
- Әсемқұлов Т. Интертекст. [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: www.otuken.kz/index.php/criticstalas/325-2014-03 (қаралған күні: 19.03.2023).
- Бибихин В.В. К проблеме определения сущности перевода. [Электрон. ресурс]. – 2010. – URL: http://www.bibikhin.ru/k_probleme_opredeleniya_sushnosti_perevoda (қаралған күні: 23.03.2023).
- Гадамер Х.Г. Истина и метод: Основы философской герменевтики: Пер. с нем. / Общ. ред. и вступ. ст. Б. Н. Бессонова. – М.: Прогресс, 1988. – 704 с.
- Деррида Ж. Вокруг Вавилонских башен. Пер. с франц. и коммент. В.И. Лапицкого. – 2-е изд. – СПб: Machina, 2012. – 118 с.
- Жармакин О.Қ., Мағзұмов Қ.Б. Мәтін лингвистикасы: филология мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2011. – 84 б.
- Керимова С.М. Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2019. – 156 б.
- Құлманов С. Аударманың өзекті мәселелері / құрастырған С. Құлманов. – Алматы: Palitra-Press, 2015. – 308 б.
- Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы: Өнер, 2012. – 336 с.
- Сейтахметова Н. Мұсылман философиясы // «Әлемдік философиялық мұра». Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 480 б.
- Тұрарбеков З. Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы: Қаз. ун-ті журналистика фак. студенттеріне арн. оқу құралы 1-бөлім. – Алматы, 1973. – 68 б.
- Фролова Е.А. История средневековой арабо-исламской философии. – М: Наука, 1995. – 175 с.
- Хайдеггер М. Философия дегеніміз не? // Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 13-том. Классикалық емес батыс философиясы. Аударған Ә. Қодар. – Алматы: Жазушы, 2006. – 528 б.
- Штегмайер В. Жак Деррида: деконструкция европейского мышления. Баланс. [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: <http://anthropology.ru/ru/text/shtegmayer-v/zhak-derrida-dekonstrukciya-evropeyskogo-myshleniya-balans> (қаралған күні: 25.03.2023).

**Асет А. Куранбек¹, Тайыржан О. Оразхан², Айгулим Б. Айтбаева³,
Сауле М. Алтыбаева⁴**

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахстанско-российский медицинский университет, Алматы, Казахстан

^{3,4}Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

Некоторые проблемы перевода философских текстов

Аннотация. Несмотря на то, что существует множество различных наций и языков, можно говорить об единообразии человеческих начал в мире с истоков времен. Не просто похожими друг на друга, а общими и по внешней форме, и по содержанию являются конфигурации человеческого познания, понимания мира и своего места в нем, своих взаимоотношений друг с другом, общечеловеческих ценностей. Тем не менее, народы, проживающие на каждом континенте или климатической зоне, обладают и своими уникальными обычаями и традициями, строем мышления

и языка в зависимости от образа жизни, хозяйства, религиозных убеждений, экономики и культуры. Переводческая работа – это уникальнейшая форма творческой деятельности человеческого сознания, направленная на то, чтобы собрать и объединить это, лишь на первый взгляд не имеющее ничего общего многообразие, установив контакт и возможность общения между культурами.

В статье на основе сложившейся системы взглядов и концепций в литературоведении и лингвистике, культурологии и философии представлен подробный анализ уровня изученности перевода как актуальной проблемы науки, искусства и философии, а также дается обзор вопросов истории, теории и практики перевода, его места в мировой культуре. Анализируется опыт перевода научной литературы и философских текстов с мировых языков на русский и казахский языки, изучена его связь с актуальными проблемами современного общества, в том числе влияние переводов на реализацию синтеза и межкультурного диалога, на развитие науки и философии. В работе дается оценка своеобразия философского подхода к феномену переводов.

Ключевые слова: перевод; художественный перевод; научная литература; текст; философский текст; язык; понимание; герменевтика; Вавилонская башня; деструкция; деконструкция; интертекстуальность; гипертекст.

Asset A. Kuranbek¹, Tairzhan O. Orazkhan², Aygulim B. Aitbayeva³, Saule M. Altybayeva⁴

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan*

^{3,4}*Narkhoz University, Almaty, Kazakhstan*

Some problems of translating philosophical texts

Abstract. Despite the fact that there are many different nations and languages, it is possible to speak about the uniformity of human beginnings in the world since the beginning of time. Not just similar to each other, but common both in external form and content are the configurations of human cognition, understanding of the world and their place in it, their relationships with each other, universal values. Nevertheless, the people living in each continent or climatic zone have their own unique customs and traditions, ways of thinking and language, depending on their way of life, economy, religious beliefs, economy and culture. Translation work is the most unique form of creative activity of the human mind, aimed at gathering and uniting this seemingly unrelated diversity, establishing contact and the possibility of communication between cultures. Based on the established system of views and concepts in literary studies and linguistics, cultural studies and philosophy, the article presents a detailed analysis of the level of study of translation as an urgent problem of science, art and philosophy, as well as provides an overview of the history, theory and practice of translation, its place in world culture. The experience of translating scientific literature and philosophical texts from world languages into Russian and Kazakh languages is analyzed, its connection with actual problems of modern society is studied, including the influence of translation on the implementation of synthesis and intercultural dialogue, on the development of science and philosophy. The paper evaluates the originality of the philosophical approach to the phenomenon of translation.

Keywords: translation; fiction translation; scientific literature; text; philosophical text; language; understanding; hermeneutics; Tower of Babel; destruction; deconstruction; intertextuality; hypertext.

References

Avtonomova N.S. Poznanie i perevod. Opyty filosofii yazyka [Cognition and translation. Experiments in the philosophy of language]. (Moscow, Rossijskaya politicheskaya enciklopediya (ROSSPEN), 2008, 704 p.), [in Russian].

Adilova A.S. Auezov shygarmalary zhane matinaralyq baylanystar [Auezov's creativity and intertextual connections]. (Qaragandy universitetinin Habarshysy. Filologiya seriyasy, №1 (69), 2013, P. 13-17), [in Kazakh].

Adilova A.S. Qazirgi qazaq korkem shygarmalaryndagy intertekstualdylyqtyn reprezentaciyasы, semantikasy, qurylymy: filol. gyl. dok. ... dis.: 10.02.02 [Representation, semantics, structure of intertextuality in modern Kazakh art]. (Almaty, 2009, 244 p.), [in Kazakh].

Asemqulov T. Intertekst. [Intertekst]. Available at: [https:// www.otuken.kz/index.php/criticstalas/325-2014-03/](https://www.otuken.kz/index.php/criticstalas/325-2014-03/) [in Kazakh]. (accessed 19.03.2023).

Bibihin V.V. K probleme opredeleniya sushchnosti perevoda. [On the problem of determining the essence of translation]. Available at: [http:// www.bibikhin.ru/k_probleme_opredeleniya_sushchnosti_perevoda/](http://www.bibikhin.ru/k_probleme_opredeleniya_sushchnosti_perevoda/) [in Russian]. (accessed 23.03.2023).

Gadamer H.-G. Istina i metod: Osnovy filos. germeneytiki: Per. s nem. / Obshch. red. i vstup. st. B. N. Bessonova [Truth and method. Fundamentals of philosophical Hermeneutics]. (Moscow, Progress, 1988, 704 p.), [in Russian].

Derrida Zh. Vokrug Vavilonskih bashen. Per. s franc. i komment. V.I. Lapickogo. – 2-e izd. [Around the Towers of Babel] (SPb, Machina, 2012, 118 p.), [in Russian].

Zharmakin O.Q., Magzumov Q.B. Matin lingvistikasy: filologiya mamandygynyn studentterine amalghan oqu quraly [Text linguistics]. (Pavlodar, Kereku, 2011, 84 p.), [in Kazakh].

Kerimova S.M. Madeniaralyq qatysymnyn lingvistikalıyq aspektileri. Filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya [Linguistic aspects of intercultural communication. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)] (Almaty, 2019, 156 p.), [in Kazakh].

Qulmanov S. Audarmanyn ozekti maseleleri. qurastyrgan S. Qulmanov [Actual problems of translation. Compiled by S. Kulmanov]. (Almaty, Palitra-Press, 2015, 308 p.). [in Kazakh].

Nurzhanov B.G. Modern. Postmodern. Kultura [Modern. Postmodern. Culture]. (Almaty, Oner, 2012, 336 p.). [in Russian].

Seitahmetova N. Musylman filosofiyasy. «Alemdik filosofiyalyq mura». Shygys filosofiyasy. Oqu quraly [Islamic philosophy “World Philosophical Heritage”. Eastern philosophy. Textbook]. (Almaty, Zhazushy, 2009, 480 p.), [in Kazakh].

Turarbekov Z. Kazak audarmasynyn teoriyasy men praktikasy: Kaz. un-ti zhurnalistika fak. studentterine arn. oku kuraly 1-bolim. / Z. Turarbekov [Theory and practice of Kazakh translation: a textbook for students of the Faculty of Journalism of the Kazakh University, Part 1.]. (Almaty, 1973, 68 p.), [in Kazakh].

Frolova E.A. Istoriya srednevekovoj arabo-islamskoj filosofii [History of medieval Arab-Islamic philosophy] (Moscow, Nauka, 1995, 175 p.), [in Russian].

Hajdegger M. Filosofiya degenimiz ne? Alemdik filosofiyalyk mura. Zhiyrma tomdyk. 13-tom. Klassikalıyq emes batys filosofiyasy. Audargan A. Kodar. (Almaty: Zhazushy, 2006, 528 p.) [What is philosophy?]. [in Kazakh].

Stegmaier W. Zhak Derrida: dekonstrukciya evropejskogo myshleniya. Balans [Jacques Derrida: deconstructing European thinking. Balance]. <http://anthropology.ru/ru/text/shtegmayer-v/zhak-derrida-dekonstrukciya-evropejskogo-myshleniya-balans/> [in Russian]. (accessed 25.03.2023).

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Информация об авторах:

Құранбек Әсет Абайұлы – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия кафедрасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан.

Оразхан Тайыржан Оразханұлы – магистр, Қазақстан-Ресей медициналық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Айтбаева Айгүлім Боранғалиқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Narxoz» университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Алтыбаева Сәуле Мағазқызы – философия ғылымдарының докторы, «Narxoz» университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Kuranbek Asset Abayuly – Candidate of Philosophical Sciences, Head of the Department of Philosophy, Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Orazkhan Tairzhan Orazkhanuly – Master, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan.

Aitbayeva Aygulim Borangalikyzy – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan.

Altybayeva Saule Magazkyzy – Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan.

Қуранбек Әсет Абайұлы – кандидат философиялық ғылымдар, кафедра бастаушысы философия Қазақстан Республикасының ұлттық университетінің А.Фараби, Алматы, Қазақстан.

Оразхан Тауржан Оразханұлы – магистр, старший преподаватель кафедрасы тарихы Қазақстан және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар Қазақстан-Ресейлік медициналық университеті, Алматы, Қазақстан.

Айтбаева Айгүлім Боранғалиқызы – кандидат педагогикалық ғылымдар, профессор, Университет Нархоз, Алматы, Қазақстан.

Алтыбаева Сауле Мағазқызы – доктор философиялық ғылымдар, профессор, Университет Нархоз, Алматы, Қазақстан.



Copyright: © 2023 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).